

11 дәріс. Араб халифаты.

Жоспары:

1. Араб халифатының құрылыуы
2. Мәдениеті.
3. Ғылым.
4. Әдебиет
5. Өнер

632 жылы Мұхаммед Пайғамбар дүниеден өткеннен соң қауым басшысы болып Мұхаммед Пайғамбардың әрі жақын досы, әрі қайын атасы Әбу Бәкр (632–634 жж.) жарияланды. Ол «Халиф» (орынбасары) деген атақ алды.

Бұл мазасыздыққа толы кезең еді. Жан-жақты Мединаның билігін мойындағысы келмеген тайпалар арасынан жалған пайғамбарлар шыға бастады. Осындай мазасыз кезеңнен кейін араб жазушылары мен тарихшыларының еңбектерінде “Ар-Рида”, яғни, “дінінен безу”, “дінінен бөліну” деген ұғымдар пайда болады. Ал шын мәнінде ол “діннен безгендер” деп саналған тайпалар әлі Ислам дінін қабылдамағандар еді. Жалпы Мұхаммед Пайғамбар дүние салған кезде Ислам дінін қабылдаған араб тайпаларынан көрі ол дінді әлі қабылдап үлгермеген тайпалар көп болатын. Олардың кейбіреулері өздерінің бұрынғы нанымдарында қалғанымен, Мединалық қауымның саяси билігін мойындады.

Енді біреулерінің арасында Ислам дінін қабылдап, Мединаның ықпалына бағынуды жақтайтын топтар болды. Сондай-ақ, Ислам туралы хабары жоқ, Мединалық қауымның ықпалын сезінбеген тайпалар да болды [29]. Л. Кэтани Аравия тайпаларын олардың Ислам дініне қатынасы жағынан төрт категорияға бөледі:

1 – категориясына Ислам дінін қабылдаған Мекке-Мединалық қауым басшылығының қол астындағы тайпалар жатады. Бұл негізінен Мекке мен Мединада, сол қалалардың жақын маңында тұратын Джухейн, Мувейн, Бали, Асджа, Аслале, Аузейя, Хуза және т.б. ұсақ тайпалар болды.

2 – категорияның құрамына Орталық Аравияның Хавазин, Амир ибн-сасааб, Тайб, Сулейм тайпалары кірді. Бұл тайпаларға Ислам дінін қабылдағандардың ықпалы зор болды. Бірақ олардың арасында кішігірім топтары Медина ықпалына қарсы-күресте өте зор белсенділік танытты.

3 – категориядағы Ислам дінін ұстанушылар ықпалы енді тарап келе жатқан тайпалар кірді. Бұл тайпалардағы мұсылмандар өте аз болды. Бұл асад, гатафан, тамим тайпалары.

4 – категорияға өздерінің саяси және идеологиялық тәуелсіздігін сақтап қалған тайпалар енді. Олар: ал–Исламдағы Ханифа, Абд ал–Кайс, Азад тайпалары, Йемен мен Хабрамауттағы тайпалардың көпшілігі. Ал христиан дінін ұстанушы араб тайпаларына жаңа дін өкілдері ешқандай ықпал еткен жоқ. Бұл Келб, Кудао, Бахра, Гассан, Бекр ибн-Вайл, Танух, Таглиб тайпалары еді.

Сондай-ақ Махарадағы, Йемен мен Хадрамауттағы кейбір политеисттік бағыттағы тайпаларда Ислам дініне еш қатысы болмады. Бірақ, бұл соңғыларына Иудейлік діннің ықпалы күшті болды [36].

Жекелеген тайпалардың саяси және идеологиялық тәуелсіздігін жақтаушылар жергілікті әулие пайғамбарлар болды. Олардың кейбіреулері өз насихатын Мұхаммедтің тірі кезінде-ақ жүргізді.

Ислам дініне қарсы күресті әскери ал-Йемамадағы Мусейлима деген әулие белсенді жүргізді. Мединалық Ислам діндегілердің үстемдігіне қарсы Орталық Аравиядағы Асад тайпасының күресін Тулейха басқарды. Ол Исламға қарсы күресін Мұхаммедтің тірі кезінде-ақ бастаған болатын. Мұхаммед дүниеден өткеннен кейін Фазада, Тайм тайпаларының қолдаушылығына ие болды. Халид ибн ал-Валидтің әскері Тулейха жасағының тас-талқанын шығарды.

Тулейха қашып құтылды. Кейін ол Ислам дінін қабылдап, араб жаулап алушылықтарына белсене қатысты. Сөйтіп, “ар-рида” діннен безу емес, тек көпшілік тайпалардың жаңа Ислам дінін бірден мойындамауы, оған алғаш қарсылық көрсетуі болды.

“Ар-рида” екінші жағынан барлық араб тайпаларын Медина-Меккелік қауымының билігіне бағындырып, оларды азат ету соғыстарына тарту болды. Барлық араб тайпаларын біріктіру екінші тақуа халиф Омар ибн ал-Хаттабтың (634–644 жж.) тұсында аяқталды.

Ортағасырлық араб тарихнамасында Араб Халифатының құрылуы, яғни жаулап алынған жерлерде бір орталыққа бағындырылған үкіметтің құрылуы осы тақуа халифтың білікті де шебер, данышпан басшылығының нәтижесі деп көрсетілді. Ол өте ақылды, әділетті, қарапайым, белсенді, әскер басшы болған. Ислам діні мен мұсылмандар мүддесіне жан-тәнімен беріліп, адал қызмет еткен. Омар мұсылманша жыл санау “Хиджраны” енгізген.

Омардың тұсында диван құрастырылған. Ол парсы сөзі, “тізімі” дегенді білдіреді. Ол тізімге жаулап алынған жерлерден салық жинауға құқысы бар жеке адамдар мен тайпа аттары енген. Жаулап алынған жерлер сол тізімге енгендер арасында бөлініп, ол жерде отырған елден “харадж” деген адам басына жер салығы жиналатын. Ол салықтан түскен табыс мұсылмандар арасына тең бөлініп таратылған [17].

Дивандағы ең бірінші тұрған Мединалық қазынаға және аймақтардағы бейт, ал-малдарға барлық жиналған алым - салықтардың бестен бірі түсіп тұрды.

Әскердегі қызметін арабтар өздерінің құрметті борышы деп санады. Ислам әскері араб тайпаларының жасақшыларынан тұрды. Арабтар көбінесе өздерінің әскери лагерлерінің қасына жергілікті халықтарды қоныстандыра бастады. Олар арабтарға қызмет етіп, тауып жатқан олжаларынан үлес алып, күн көретін. Араб әскери лагерлерінің маңына қолөнершілер мен малайлар, ұсақ-түйекпен сауда-саттық жасайтындар қоныстанатын. Мұсылман-жаулап алушылар тек христиан, иудей діндегілерге ғана емес, сондай-ақ зороастризм діндегілерге де, манихейлер мен сабиялықтарға да ешқандай зорлық-

зомбылық көрсеткен жоқ, Ислам дініне кіру-кірмеу еріктерін өздеріне қалдырды [32].

Ислам дінін қабылдаған жат елдіктер жан басына салынатын жер салығынан босатылатын. Бұл қазынаға байлықтың аз түсуіне себеп болатын. Осылайша, арабтар жаулап алған деген тұжырым шындыққа ұласпайды.

Мәдениеті.

Әуелгі кезде арабтардың мәдениеті бағындырылған халықтардың мәдениетінен төмен болды. Бірақ арабтар бертін келе олардың ғылым мен өнер саласындағы жетістіктерін меңгеріп алды.

Халифаттың құрамында байырғы мәдениеті жоғары Египет, Сирия, Палестина, Месопатамия, Орта Азия тәрізді көптеген елдер кірді. Бұл елдерде араб тілі кеңінен тарады. Сот істері араб тілдерінде жүргізілді, мектептерде оқытылды. Араб тілі әдебиет пен ғылым тіліне айналды. Сирия, Иран, Орта Азия ғалымдары мен жазушылары сол тілде өз шығармаларын жазды. Сөйтіп, халифат елдерінің мәдениеті арабтар тарапынан ғана емес, сонымен бірге Араб мемлекетінің құрамына кірген барлық халықтардың қатысуымен жасалды.

Мәдениеттің дамуына шаруашылықтың өркендеуі де көмегін тигізді. Суармалы жерлерге арпа мен бидай егілді, құрма мен қант қамысы өсірілді. Арабтар Азияның өзге елдерінен мақта мен күріш, апельсин мен лимон әкелді.

Бармақтарынан бал тамған қолөнершілер мақта мен жүннен жеңіл және мықты мақалар тоқыды. Өз кілемдерімен Иранның даңқы шықты. Сирияда ашық түсті жібектер тоқылып, шыны ыдыстар жасалды. Сирияның қару-жарак жасайтын шеберлерінің даңқы бүкіл дүние жүзіне жайылды:

Дамаск болатынан жасалған семсерді, қылыш пен сауытты барлық елдердің рыцарьлары аса жоғары бағалады.

Араб көпестері сауданы кеңінен өрістетті. Олар шыжыған шөл далалар мен заңғар тауларды басып өтіп, Қытайдан жібек пен ыдыс-аяқ тасыды. Теңіз жолдарын пайдаланып, Үндістаннан маталар мен асыл тастар әкеліп отырды. Араб көпестері Батыс Еуропа мен Волга жағалауларында да көп болып жүрді.

Ғылым. «Адамның ең басты көркі – білім», - дейтін араб ғалымдары. Халифатта математика, астрономия, география тәрізді ғылымдар ойдағыдай дамыды. Үлкен қалаларда жоғары мектептер ашылды. Бағдатта грек ғалымдары қолжазбаларының кітапханасы жинақтылды: ол кітапхана "даналық қазынасы" деп аталды.

Араб математиктеріне Евклидтің геометрияға қатысты еңбектері, үнді астрономдары мен математиктерінің жұмысы белгілі болды. Олар алгебраны (алджебр - есеп деген сөзден) ойлап шығарды, үнді цифрларын пайдалана бастады. Бұл цифрларды кейін арабтардан еуропалықтар қабылдап алды. Еуропада бұл цифрларды күні бүгінге дейін араб цифры деп атайды.

Бағдат пен Дамаскіде обсерваториялар құрылды. Күрделі аспаптарды пайдалана отырып, астрономдар жер шарының көлемін шамамен есептеп шығара алды, аспан әлемінде көзге көрінетін жұлдыздардың орналасу тәртіптерін сипаттап жазды. Орта Азияның ғалымы Әл-Бируни "Жер күнді айналады" деген даналық болжам айтты.

Арабтар географияны қатты құрметтеді. Бұған арабтың: "Ғылым іздеп сапар шеккен адамның алдынан жұмақ есігі ашылады" деген мақалы дәлел бола алады. Географтар өзге елдер туралы жазылған кітаптарды оқып қана қойған жоқ, қауіпті алыс сапарларға аттанып, ол елдерде болып қайтуға да ұмтылып отырды. Араб саяхатшылары халифат елдерін, Қытайды, Үндістанды суреттеп баяндады, Африка мен Шығыс Еуропаның алыс түкпірлеріне дейін ішкерілеп кірді. Олар өздеріне белгілі елдер мен теңіздердің картасын жасаған.

Арабтарда медицина жемісті түрде дамыды. Орта Азияда ұлы ғалым Ибн Сина өмір сүрді. Еуропада оны Авиценна (980-1097) деп атайтын Ибн Синаның әсіресе дәрігер ретінде даңқы шықты. Ол өзіне дейін айырып болмайтын көптеген ауру белгілерін баяндап жазды. Оның қаламынан жүздеген астам ғылыми еңбек шықты. Шығыста Ибн-Синаны "ғалымдардың атасы" деп атады. Мұсылман дінбасылары алдыңғы қатарлы ғалымды құдайдан безген деп айыптап, қаралауға тырысты.

Әдебиет. Көпестер мен түйекештер басқа елдерден қымбат тауарларға қоса таңғажайып ертегілерді де әкеліп отырды. Олар халиф пен шонжар сарайларында, Бағдаттың базарларында, көшелері мен үйлерінде айтылды. Байлар таңғажайып саяхаттар мен кереметтей оқиғалар туралы хикаяларды қызыға тыңдады. Осы ертегілерден кейінірек бүкіл әлемге белгілі "Мың бір түн" жинағы құрастырылды.

Араб ақындары өздерінің өлеңдерінде көшпенділердің тұрмыс-салты мен батырлардың соғыс ерліктерін жырға қосты. Поэзия әсіресе Иран мен Орта Азияда жемісті түрде дамыды; мұндағы ақындар өз шығармаларын әдетте тәжік-парсы тілдерінде жазды.

Ең атақты ақындардың бірі Фирдоуси болды. Ол «Шахнаме» (Патшалар кітабы) поэмасын жазып шығару үшін 30 жылдан астам уақытын жұмсады. Бұл шығармада иран халқының өз жерін жаулап алушыларға қарсы жүргізген күресі баяндалды, аттары аңызға айналған батырлардың ерліктері мадақталды. Ақын "өзінің өмірлік нанын өз еңбегімен табушылар" туралы құрмет тұта жазды.

Өнер. Халифатта өнер түрлерінің ішінде сәулет өнері аса үлкен табыстарға жетті. Құрылысшылар халифат үшін тамаша сарайлар, мазарлар мен қамалдар салды. Испан әміршілерінің Гранададағы сарайы Альгамбра бүкіл дүние жүзіне танылды.

Араб сәулетшілері мұсылман храмдарын - мешіттер салды. Оған мұсылмандар намаз оқу үшін жиналады. Мешіттің қасына **Минарет** - дін ұстанушыларды намаз оқуға азан айтып шақыратын биік мұнара салынды.

Арабтардың үйлері тасқа қашалған ойма өрнектермен, ал олардың қабырғалары мен едендері жалтыраған кірпіштермен, мозаикамен бай түрде әшекеленді. Шілтер тәрізді оюлар мен алуан түсті суреттер тастың өзін салмағын айырғандай әсер ететін еді.

Мұсылман діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тыйым салды. Осы себепті де халифат елдерінде мүсін мен сурет өнері орта ғасырлардың алғашқы жүз жылдықтарында тіпті дамымады десе де болады. Кейінірек

кітаптарға халық тұрмысынан алынған көріністер, халиф сарайындағы оқиғалар, аңдары мен құстарына дейін таңғажайып елдер бейнеленген миниатюралды қосатын болды.

Халифат елдері мәдениетінің маңызы. Еуропалықтар арабтардан көптеген бағалы ғылыми білімдер алды. Араб математиктері мен астрономдарының еңбектерін орта ғасырлық Еуропа ғалымдары басшылыққа алды. Еуропалықтар арабтардан цифрларды ғана емес, сонымен қатар астрономия білімін, жұлдыздардың атауларын, карта сызуды, глобусты пайдалануды үйренді. Авиценаның латын тіліне аударылған медицина жөніндегі шығармалары XVII ғасырға дейін Еуропа дәрігерлерінің қолынан түспейтін кітабы болып жүрді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Тейлор Б. Art today. Актуальное искусство 1970-2005. – М., 2006
2. Фар-Беккер Г. Искусство модерна, 2004
3. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. – М., 2008
4. Акопян К.З. 20 век в контексте искусства. – М., 2005
5. Герман М. Импрессионисты. Судьбы, искусство, время. – М., 2004
6. Родькин П. Футуризм и современное визуальное искусство. – М., 2006
7. Мировое искусство. Прерафаэлизм. – СПб, 2006.
8. Сарабьянов Д. История русского искусства: конец 19-начало 20 вв. – М., 2001
9. Суретті өнер тарихы. – Алматыкітап, 2014. - 400 б.

Қосымша оқу материалдары:

1. Бобков В. Галерейный бизнес. – Москва, Арт-менеджер, 2006.
2. Словарь музейных терминов и определений. - Челябинск, 2000.
3. Суворов Н.Н. Галерейное дело: Искусство в пространстве галереи: Учебное пособие. - СПб. 2006.
4. Центральный государственный музей Республики Казахстан. - А., 2003
5. Ионина Н.А. Сто великих музеев мира. - М. 1999.
6. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. - М., 2003.
7. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.